

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 желтоқсан N 1668

Мүгедектік себебін және тобын, еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу жөніндегі қызметті жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері жөніндегі уәкілетті орган болып б е л г і л е н с і н .

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық кесімдерге тиісті өзгерістер енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлеп, енгізсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдеріне мүгедектік себебін және тобын, еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу жөніндегі сабақтастықты және толыққанды жұмысты қамтамасыз ету мақсатында облыстардың, Астана, Алматы қалаларының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларының пайдалануындағы материалдық-техникалық мүлкін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарына беру ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.01.11 N 39 қаулысымен.  
Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11 N 39; 28.12.2016 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

5. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі